

**№8 жалпы орта білім беретін негізгі мектебі**  
**2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының**  
**I жылдық**  
**Сараптамасы**

Еліміздің бүгінгі мен жарқын болашағы білімді, жігерлі, отаншыл, жалын жүректі, биік рухты, өз халқына адал, елжанды, патриоттық сезімдегі ұрпақ тәрбиелеуге байланысты. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбие жұмысы мектептің тақырыбына сәйкес жұмыс жоспары жасалынды. Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу» деп алынды.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім- тәрбие беру және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау басты мәселе. Тәрбиенің мәні аға ұрпақтың өз тәжірибесін, өз құштарлығын, өз сенімін жас ұрпаққа жеткізу болып табылады. Тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін, тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастыру талап етіледі. Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында №8 негізгі мектебінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие және біліктілікті жеткізу мақсатында 2023-2024 оқу жылының қыркүйек пен қазан айында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, жаңаша бағыттағы жұмыстар жүргізілді. Мектеп ұжымы тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру барысында тәрбие тұжырымдамасының барлық бағыттары мен “Ұлттық мүдде”, “Талап”, “Ар ұят” құндылықтардың қамтылуына көңіл бөлді.

2023-2024 оқу жылының басталуына орай алғашқы қоңырау мерекелік салтанатты жиыны болып өтті. Алғашқы қоңырау мерекесі 1-сынып бүлдіршіндері мен 9-сынып оқушыларын салтанатты түрде ортаға шақырумен басталды. Мерекелік іс шараны мектеп директоры мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастады. 1- қыркүйек -Білім күні мерекесімен оқушылар мен мектеп ұжымын құттықтап ата-аналар сөз сөйледі. Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты. Қоңыраудан соң барлық сынып оқушылары өз оқу кабинеттерімен танысып, алғашқы білім күні сабағына қатысты.

5-12 қыркүйек аралығында Тілдер мерекесіне арналған «Тіл-достықтың көпірі» тақырыбында апталықтың ашылуы өтті. Апталықтың ашылуына тіл мамандары арнайы жоспар құрып, белсене қатысты.

5 қыркүйек күні мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында қазақтың «Менің таңдауым-қазақ тілі!» челленджі, 06.09.23 күні 5-7 сыныптар аралығында «Қазақшаңыз қалай?» тимбилдинг, 2-4 сыныптар аралығында «Туған тілім-тұғырым» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар “Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдер оқыту орталығы” КММ ұйымдастыруымен М.Жұмабайұлының 130 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар шеңберінде өткізілген “Тіл-ең асыл құндылық” қалалық эссе байқауына қатысып Дүйсенбаева Лаура Ғалымжанқызы ІІІ дәріжелі дипломмен марапатталды. Осы байқауда Исмагулов С.К. Алғыс хатпен марапатталды.

Қалалық балалар оқуы өтіліп, сайысқа 8 сынып оқушысы Елубай Айдана қатысты. Сонымен қатар қалалық Ы.Алтынсарин оқуларында 8 сынып оқушысы Тортаев Ержан 3 орынды иеленсе, 6 сынып оқушысы Сабыржан Жанна сөз шебері номинациясының жеңімпазы аталды.

Қыркүйектің 7 күні ДТІЖО жауаптылығымен 1-9 сынып жетекшілері арасында тәрбие тұжырымдамасының барлық бағыттары мен “Ұлттық мүдде”, “Талап”, “Ар ұят” атты құндылықтарды 8 бағытқа енгізілуі жайында жиналыс өткізіліп, талқыланды. Аталмыш жиын барысында әр жұма мектеп ұжымы мен оқушылар қазақи киім кию, және әр сынып зиялы қауымның атымен аталатын болып шешілді.

Қыркүйектің 19 күні “Арқалық қаласының білім бөлімі” ММ “Жастар рухы” қоғамдық бірлестігі ұйымдастыруымен “Ұлы елдің ұландары” әлеуметтік тапсырмасы аясында өткізілген қалалық “Жас әскер” әскери патриоттық сайысына қатысып, белсенділік танытқан №8 негізгі мектебі” марапатталды.

Қыркүйектің 20 күні оқушыларды ұстаздарды, олардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, ұстазды құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу. Білім мен біліктілік ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу мақсатында ардагер ұстаз Бейсенбай Ержанұлымен кездесу өткізілді. Аталмыш кездесуде ардагер ұстаз «Ұстаз - шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау - адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылық керек екен»-деп, өзінің білім жолында өткен қызықты да тәрбиелік мәні зор әңгіме өрбітті.

Кездесу соңында ардагер ұстаз домбырамен күй шырқап, оқушыларға ақ батасын беріп, естелік фотоға түсті.

Қыркүйек айының 26 жұлдызында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Бірінші сұрақ бойынша төтенше жағдайлар алдын алу Арқалық қаласының ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау капитаны Муханбетжанов М.Е. сөз алып, қаламызда су құбырын ауыстыру жұмыстары жүріп жатыр. Оқушыларға қауіпті аймақтар көбейді. Балаларыңызға ие болыңыздар, ескерту жұмысын жасаңыздар. Сонымен қатар қазір күн салқындап, жер үйде тұратын адамдар түтін шығатын мұржаларды тазарту жұмыстарын жасаңыздар. Угарный газдан уланып қалған оқиғалар болды,-деп ата-аналардың қызықтырған сұрақтарына жауап берді. Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Сырым Рамазанұлы өз сөзінде «Түнгі қала» тақырыбында рейд жүріп жатқанын және түнгі 23.00 ден кейін мектеп оқушысы ұсталған жағдайда қалалық есепке алынатынын, және электронды темекі қазір мектеп оқушылары арасында белең алып барады. Ол электронды темекі кәдімгі

темекіден бетер зиян болмаса кем емес. Құрметті ата-аналар ВЭЙП пайдаланып ұсталған жағдайда оқушы есепке алынып, ата-анасына айыппұл салынатыны жайында ескертті.

Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 9 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда, 1 – 4 сыныптар аралығында: «Жарқын жүзді ұстазым!», «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «С любовью к вам , учителя», «Ұстаз ұлы тұлға» атты бірыңғай тәрбие сағаттары жүргізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Сонымен қатар 1-9 сынып оқушылары ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, ізгі тілектер мен жылы лебіздерін білдірді. Мерекелік шара қорытынды концертпен аяқталды.

Қарттар күніне байланысты мектебімізде қабырға газеттер шығарылып, біршама іс-шаралар өткізілді. Айта кетсек: «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді, «Ата-анам-нұрлы бағым» тақырыбында 5-6 сыныптарында сынып жетекшілері өнеге сағаты, өнеге сағатында оқушылар ата-ананың қадірі, отбасының маңыздылығы жайлы көптеген мағлұмат алды. «Ата-анаң-алтын тұғырың» тақырыбында 1-2 сыныптарында сынып сағаттары және «Отбасының өнегесі-Отан өнегесі» 3-4 сыныбында тағылым сағаты өткізілді.

«Қарттарым-асыл қазынам!» тақырыбында мөлтек ауданының қарттарының қатысуымен мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, шара соңында қонақтарға оқушылардың дайындаған сыйлықтары сыйланды. Сонымен қатар қазан айының 20 жұлдызында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының “Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығы” КММ ұйымдастыруымен “25 қазан- Республика күні” мерекесіне орай өткен қалалық “Бала дауысы-2023” патриоттық әндер Қазан айының 27 күні аға тәлімгердің ұйымдастыруымен “Ханзада мен ханшайым” тақырыбында іс-шара өтті. Аталмыш шараға 5-9 сынып оқушылары белсене қатысып, III орынды 8 “А” сыныбы, II орынды 5 “А” сынып, I орынды 6 “А” сыныбы, бас жүлдеге 7 “А” сыныбы ие болды.

Мухамеджан Аяулым жүлделі 3 орынға ие болды. Қазанның 20 күні «Адал Ұрпақ» жетекшісі ұйымдастыруымен "Адалдық дүкені" тақырыбында сатушысыз дүкен өткізілді. Бұл дүкенде мұғалімдер мен оқушылар өздеріне қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны кассалық жәшікке қалдырып, есеп айырасатын болады. Яғни дүкенде сатушы жоқ. Бұл дүкеннің мақсаты жастарды адалдық пен парасаттылыққа тәрбиелеу болды. Аталмыш шара оқушылардың адалдығы өз деңгейінде екенін көрсетті.

25 қазан Республика күніне орай мектеп парламенті ұланбасылары арасында өткізілген “Отан сүйер , Ұлан бол!” атты спорттық жарыстарда белсенділік

танытқан №8 негізгі орта білім беретін мектебінің ұланбасы Елубай Ұлдана марапатталды.

«Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген екен ата-бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Қыз баланы тәрбиелеуде ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика негіздерінің алар орны ерекше. Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз. «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тыйым» жасайды. 11-қазан Халықаралық қыздар күніне орай № 8 жалпы білім беретін негізгі мектебінде «Қыз болашағы – ел болашағы» атты онкүндік өткізілді. Онкүндіктің жоспарына сәйкес бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Атап айтатын болсақ, 4-қазан күні «Медицина қызметкерлерімен кездесу», 7-қазан күні «Сен өз құқықтарыңды білесің бе?» тақырыбында дөңгелек үстел, 8-қазан күні «Қыз Жібек» «Қыз күнделігі: жеке бас гигиенасы» атты дискуссиялық алаң, 9-қазан күні педагог-психологтың ұйымдастыруымен «Жақсы көңіл күй – жан азығы» тренингі, 10-қазан күні мектеп медбикесінің «Ерте жүктіліктің алдын алу» баяндамасы, 11- қазан күні 4-сынып оқушыларымен «Әдептілік – тәрбие бастауы», 6-8 – сынып оқушыларымен «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізіліді.

Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінгі күнге дейін барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізіп келеміз. Елдің әл ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде,білім, денсаулық,спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпімді дамуға байланысты. Осы мерекемізге орай №8 негізгі мектебінде біраз іс- шаралар ұйымдастырылды. Айта кетсек, Желтоқсан айының 4 жұлдызында мектебіміздің кітәпханашысы ұйымдастыруымен «Мақтанышым-Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында көрме, 04.12.20 күні көркем еңбек пәні мұғалімдері Таласов М.Е., Нағашыбай А.Ш. 1-4 сыныптар арасында «Қазақстан ортақ үйіміз» сурет байқауы, 05.12.21 күні 1-9 сынып жетекшілері «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым!» атты сынып сағаттары, 6.12 күні 1-4 сынып арасында «Мақтанышым-Тәуелсіз Қазақстан» мәнерлеп оқудан сайысы, сол күні 5-9 с арасында «Тәуелсіздік күніне арналған авторлық өлеңдер» байқауы, 7.12 күні спорттық жарыстар 5-9 сыныптар арасында, Жауапты: Нүркен М.М., 09.12 күні 5-9 с арасында «Менің Отаным-Қазақстан» патриоттық әндер байқауы, Жауапты: Қайдарова О.Б., Дүйсенбаева Л.Ф., 10.12. «Тәуелсіздігіміз баянды, болашағымыз жарқын болсын» тақырыбында 5-9 сыныптары арасында интеллектуалды ойыны, жауапты: Малдыбай Н.С., 11.12 «Ел қорғауға әзірміз!» тақырыбында 5-7

ұлдары арасында байқауы өтті, 12.12 күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.Туримтаев, Т.Серикбаева ұйымдастыруымен «Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан» концерттік бағдарлама , 13.12 «ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын», «ҚР Тәуелсіздік күніне орай оқушыларды «Жас Ұлан» 1-9 сынып арасында ұйымына қабылдау рәсімі өтілді. 13.12 «Тәуелсіздік- Қазақтың сан ғасырлық арманы» дөңгелек үстелі, жауапты Нағашыбай А.Ш., болды. Аталмыш іс-шаралар өз дәрежесінде өтіп , сайыс жеңімпаздары мектеп директорының мақтау қағаздарымен марапатталды.

“Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі» ММ желтоқсан айының 25 жұлдызындағы хаты негізінде оқушылардың қыс мезгіліндегі бос уақытын қамту мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді.

Аталмыш жоспарға байланысты шаралар өткізілді. Айта кетсек, 05.01.2024 күні ДТІЖО ұйымдастыруымен ТЖД қызметкерлерімен онлайн кездесу өткізілді . Сол күні Нағашыбай А.Ш. жауаптылығымен «Жаңа Жыл 2024» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында суреттер байқауы , 06.01.2024 күні мектебіміздің дене тәрбиесі мұғалімдері Нүркен М.М., Жамантай Н.Қ. «Дені сау ұрпақ ұлт болашағы» 3-4 сыныптар арасында эстафеталық сайыс, 08.01.2024 күні Сәрсен Т.Е. “Ғажайыптар алаңы” тақырыбында 8-9 сыныптар арасында ток-шоу өткізді. Жоғарыда аталған шаралар өз дәрежесінде ұйымдастырылып, үздік деп табылған жұмыстар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. 09.01.2024 күні құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторы Баязи А.Ж. біріккен рейд ұйымдастырылды. Рейд барысында мезгілсіз жүрген оқушы тіркелмеді.

Сондай-ақ қаңтардың 5 күні мектебімізде 1-4 және 5-8 сынып оқушыларының арасында Таласов М.Е. ұйымдастыруымен «Қысқы пейзаж» тақырыбында суретшілер сайысы өткізілсе, қаңтар 8 күні 5-9 сынып оқушылары арасында дене шынықтыру мұғалімдері ұйымдастыруымен «Қызыл ту» спорттық-эстафеталық қимыл-қозғалыс жарысы өткізілді. Сайыс өте тартысты өтті. Сайысқа қатынасқан оқушылар әр түрлі спорттық жаттығулардан 9 кезең бойынша сайысып, бақ сынасты. Сайыс қорытындысы бойынша 9 «А» сынып оқушылары барлық кезеңдер бойынша үздік нәтиже көрсетіп, сайыстың жеңімпаздары атанды. Қаңтардың 11 күні мектебімізде арнайы жиын өткізіліп, демалыс уақытындағы іс-шараларға белсене қатынасқан оқушыларға марапаттама қағаздары тапсырылды.

Ақпан айының 2 мен 12-сі аралығында Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндіктің арнайы жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспарға сай 3-ші ақпан күні Нағашыбай А.Ш. ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында «Бәрінің бастауы- махаббат» тақырыбында өлеңді мәнердеп оқу сайысы өткізілді. Сайысқа барлығы 17 бала қатынасып, оқушылар өздерінің «Махаббат, мейірімділік, достық» тақырыптарындағы өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Ал, 7-9 сыныптар арасында Кабиева В.М. ұйымдастыруымен «Ана –отбасы жүрегі» тақырыбында эсселер жазу

конкурсы өте жақсы деңгейінде ұйымдастырылды. Сондай-ақ апталық барысында «Жанұя» клубының ұйымдастыруымен «Менің отбасым» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында фотокаллаж байқауы өткізілді. Бұл байқауға барлығы 23 жұмыс қабылданып, арнайы көрме ұйымдастырылды. Ақпанның 5 күні «Жылы жүрек-жақсы тілек» тақырыбында 3 «Б» сыныбында пәндік ашық сабақ өткізілді. Сонымен қатар апталық барысында музыка пәні мұғалімі ұйымдастыруымен «Ән- көңілдің ажары» тақырыбында жас әншілер сайысы және «Күлкі көңіл базары» тақырыбында КВН сайыстары өткізілді. Сондай-ақ онкүндік барысында «Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі ұйымдастыруымен «Жүректен жүрекке» тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Қайырымдылық акциясы барысында 1-9 сынып оқушылары арасында «Тәтті тоқаштар» жәрмеңкесі өткізіліп, түскен қаражатқа көп балалы, аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетілді. Ақпанның 10-11 күндері бастауыш сыныптарда «Жақсылық жан азығы» және жоғарғы сыныптарда «Адалдық- адамдықтың белгісі» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

17.02.2024 күні құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстарын жандандыру және кешкі мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін қадағалау мақсатында ақпан айының 16-18 күндері аралығында «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» тақырыбында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында кезекшілік рейді ұйымдастырылды.

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Осы мақсатпен біздің мектебімізде 16-19 наурыз күндері аралығында бірталай іс-шаралар өтті. Атап айтсақ осы күндері аралығында мектеп кітапханасында «Қош келдің әз-Наурыз» тақырыбында тақырыптық сөре дайындалды. Наурыздың 16-19 күндері 1-9 сынып оқушылары арасында «Наурыз тойы -мерекесі» ұлтымның» тақырыбында жазба ақындар сайысы өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша 9 «А» сынып оқушысы Абдибекова Аяжан жұмысы үздік деп танылды.

Сонымен қатар 17 наурыз күні ұлттық тағамдарды дәріптеу мақсатында «Ырысы мол әз Наурыз» тақырыбымен ұлттық тағамдар көрмесі өткізілді. Осы күні даярлық тобы жетекшісі ұйымдастыруымен «Құт әкелсін Наурыз!» тақырыбында мерекелік қойылым әзірленді. Бұл іс-шара өте жақсы деңгейде өткізіліп, оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Мектебіміздің АКТ залында 1-4 сынып оқушылары арасында «Наурыз-мерекем, Наурыз-берекем» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ата-аналар ұлттық салт-дәстүріміздің ырымдарымен оқушыларды таныстырып, «Ат қою», «Бесікке салар», «Тұсау кесер» дәстүрлерін көрсетті. Оқушылар ән айтты, би биледі және ұлттық ойындар «асық ату», «арқан тартыс» түрлерінен өзара жарысты. Сондай-ақ наурыздың 18 күні мектебіміздің рәсім залында «Армысың әз- Наурыз!» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары қазақ халқының салт-дәстүрлерінен көрсетті, соның ішінде «құда түсу, сырға салу»,

«бастаңғы» дәстүрлерінен үзінділер көрсетіп, дәстүрлерді оқушыларға түсіндіру мақсатында арнайы бейнефильмдерді де көрсетті, түсіндірді. Бұл іс-шарада оқушылар ұлттық өнеріміздің жетістіктерінен арнайы фотокөрме және ұлттық ойындар мен салт-жоралардан үзінділер көрсетіп өз өнерлерін ортаға салды. Наурыздың 19 күні мектебіміздің спорт залында 8-9 сынып оқушылары арасында «Ұлттық ойын ой өсіреді» тақырыбында ұлттық ойын түрлерінен жарыс өткізілді. Жарыс өте тартысты өтті. Іс-шара соңында жеңімпаз оқушыларға мадақтама қағаздары тапсырылды.

2023-2024 оқу жылының көктемгі демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы жоспар жасалынды. Жоспар бойынша 20-23 наурыз аралығында мұғалімдерден кезекшілік құрылып, тәртіптік бақылау рейді ұйымдастырылды. 24 наурыз күні 5-7 сыныптар арасында «Адал ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен «Әрқашан мұқият бол!» тақырыбында жол көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға түрлі жағдаяттардан бейне роликтер көрсетіліп, сұрақтар қойылды. Наурыздың 25-26 аралығында мектебіміздің спорт залында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен мектепшілік футбол жарысы өткізілді. Жарысқа 5-8 сынып оқушыларының ұлдарынан құралған 7 команда қатынасып, үздік команданы анықтады. Жарыс өте тартысты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша жеңіске жеткен командалар мадақтама қағаздарымен марапатталып, үздік деп танылған ойыншылардан мектебіміздің Футзал командасы жасақталды.

Сонымен қатар 26-29 күндері аралығында мектебіміздегі Исмагулова С.К. ұйымдастыруымен «Мен елімнің ертеңімін» тақырыбында шығармалар байқауы өткізілді. Бір өкініштісі бұл байқауға оқушылар өте аз қатынасты. Жалпы сайысқа 4 жұмыс қабылданып, 8 сынып оқушысы Тортай Ержанның жұмысы үздік деп танылды. Сондай-ақ, 30 наурыз күні мектебіміздің спорт залында «Волейбол» клубының ұйымдастыруымен 8-9 сынып ұлдары арасында волейболдан жарыс өткізілді. Жарысқа оқушылар өте жақсы дайындықпен келген, жарыс өте тартысты өтті. Наурыздың 31 күні дене шынықтыру пәні мұғалімдері ұйымдастыруымен 8-9 сынып оқушылары арасында теннис турнирі өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша 9 «А» сынып оқушысы үздік деп танылды. Жарыс соңында жеңімпаз оқушыларға мадақтама қағаздары тапсырылды.

Сәуір айында Қазақстан халықтары ассамблеясы стратегиясының жоспарын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспары негізінде жергілікті жердегі ұлттық орталықтармен байланыс орнатылып, мектебімізде оқитын түрлі ұлт өкілдерінен тұратын орыс және қазақ сыныптарымен түрлі іс-шаралар, көрмелер, әдеби-музыкалық бағдарламалар және тәрбие сағаттары өткізілді. Жыл сайынғы өтетін «1-Мамыр Қазақстан халықтарының ынтымақтастық күні» қарсаңында мектебімізде «Бірлігі жарасқан ел!» тақырыбында әр ұлттың ұлттық салт-дәстүрлері бойынша сахналық қойылым қойылып, ұлттық тағамы, би немесе өлеңін айту бойынша байқау өткізілді. Сондай-ақ мереке күні қарсаңында ««Бірлігі жарасқан ел!»

тақырыбында тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Мамыр айында «Ұлы Жеңіс » мерекесіне арналған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ, 04-10 мамыр аралығында 1-9 сыныптарда тақырыптық әскери-потриоттық сынып сағаттары мен кездесулер өткізді. «Жас-Ұлан» ұйымының мүшелері қарт кісілердің үйлеріне барып, тыл ардагерлердің үй маңын ақтап, тазартып қолүшін берді. Сонымен қатар, мектеп кітапханашысы ұйымдастыруымен «Ер есімі-ел есінде» тақырыбында атаулы сөре ұйымдастырылды. Сонымен қатар, осы іс-шаралар барысында 6 мамыр күні мектептің рәсім залында ««Мәңгілік тағзым ерлікке» » тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға Поселкеде тұратын бір топ тыл ардагерлері мен көп балалы аналар шақырылды. Кеш барысында оқушылар қонақтарға өздерінің өнерлерін көрсетті.

06 мамыр күні мектептің ауласында 5-9 сынып оқушыларының қатынасуымен Саптық әскери шеру және саптық ән айту байқауы өткізілді. Бұл сайысқа мектеп оқушылары өте жақсы қызығушылықпен қатынасты. Мыс: 5 «Б», 7 «А» және 8«Б» сыныптарынан жасақталған топтар өздеріне арнап арнайы формалар тіктірген. Оқушылар бұл сайыста өздерінің саптық қадаммен жүре білуі, бірге қимылдау, саптық өлең айту және бірқатар тапсырмаларды орындау кезеңдері бойынша сайысты. Сайыс қорытындысы бойынша I орынды 7 «А» сыныбы, II орындысоңынды 9«А» сыныбы, III орынды 8 «Б» сыныбы жеңіп алса, 5 «А» сыныбы «Үздік форма» номинациясын жеңіп алды. Жеңіске жеткен сыныптарға мектеп директорының мадақтау қағазы және ескерткіш сыйлықтар таратылды. 25 мамыр “Соңғы қоңырау” мерекесіне орай 1-9 сыныптарында сынып сағаттар өткізіліп, үздік оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектеп директоры:



Дуйсенбаева Л.А